

## ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Гродеково ауылы

24.04.2026 жыл

**Ішкі талдау объектісі:** «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

**Кәсіпорынның мекен-жайы:** Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Гродеково ауылдық окургі, Гродеково ауылы, 102 есеп кварталы, 418 ғимарат.

**Электрондық поштасы:** [moldir.bulak.2023@yandex.kz](mailto:moldir.bulak.2023@yandex.kz)

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығының директорының 2026 жылғы 01 сәуірдегі № 67-Ө бұйрығы негізінде «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың 01 сәуір мен 12 мамыр айы аралығында жүргізілді.

Ішкі талдауға 2025 жылдың маусым айы мен 2026 жылдың мамыр айы аралығы қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді. Ішкі талдау арнайы құрылған төмендегі комиссия мүшелерімен жүргізілді.

**Комиссия төрайымы:**

Д.М.Тауелбекова – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

**Комиссия мүшелері:**

С.С.Камбарбекова – бас есепші;

С.К.Калыкулова – материалдық есепші;

Г.Н.Амангелдиева – кадрлар бөлімінің инспекторы;

А.Б.Сарықбаева – педагог-ұйымдастырушы.

**Орталықтың құрылымы:**

1. Әкімшілік
2. Педагогтар
3. Медицина қызметкерлері
4. Асхана қызметкерлері
5. Кіші қызметкерлер
6. Өзге персоналдар

**1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау**

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры Курманова Салтанат Надирбековна, лауазымға

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының шешімімен 10.07.2023 жылы №374-Ө бұйрығымен директордың міндетін уақытша атқаушы болып, ал 29.08.2023 жылы №253-Ж-К/Қ бұйрығымен орталықтың директоры лауазымына тұрақты түрде тағайындалды.

Штаттық кестеге сәйкес 2026 жылғы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны 74 құрайды, оның ішінде 57 қызметкер негізгі, 17 қызметкер қосалқы, 27 ер адам, 47 әйел адам. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілген, талаптарға сай қызмет атқарады. Персоналдық басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау бағыты бойынша мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қабылданған құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Бағбаншы Ф. Галиакбарова 2025 жылғы 04 сәуірде жұмысқа қабылданған. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы 2026 жылғы сәуір айында берілуі тиіс болған. Алайда кадрлық іс жүргізу барысында еңбек демалысын рәсімдеу мерзімін айқындауда жіберілген олқылыққа байланысты еңбек демалысы 2026 жылғы мамыр айында рәсімделген. Жіберілген қателіктерге байланысты жауапты қызметкерлерге заң аясында тәртіптік шара қолданылды.

*Ұсыныс: қызметкерлер ішінде құқық бұзушылықтарға жол бермеу.*

## **2. Мүдделер қақтығысын реттеу**

Ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

## **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

## **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

## **5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

## **6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу**

2025 жылға жылдың басында 055 бағдарлама бойынша «Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру» **467 153,00** мың теңге бөлінді, оның ішінде **015** Жергілікті қаражат есебінен **463 448,00** мың теңге бөлінді, **011** «Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен» **3705,00** мың теңге бөлінді. 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін 055 бағдарлама бойынша бөлінген барлық қаражат толық игерілді.

2026 жылға жылдың басында **015** Жергілікті қаражат есебінен **398 796,00** мың теңге бөлінді. Жылдың басынан 01 мамырға дейін **141 171,00** мың теңге игерілді.

2025 жылдың 6 қазан күні жүргізуші Б.Данаев кезекті еңбек демалысына шықты. Аталған айдың соңында кезекті еңбек демалысындағы қызметкерге қателесіп, айлық еңбек жалақысы жіберілген. Бірақ жылдың соңына дейін жүргізуші Б.Данаевқа артық жіберілген қаражат толықтай ұсталынды.

2025 жылдың 10-шы қарашасынан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Н.Жаманбаева бала босануына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағында болды. Босанған соң 2026 жылдың 20 наурыз күні кезекті еңбек демалысына жіберілді. Қызметкердің еңбек демалысының ақысынан наурыз айының медициналық қызметтер (ВОСМС) төлемі ұсталынды. Бірақ қызметкер «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» (МӘМС) Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 7-тармағына сәйкес жарна төлеуден босатылғандардың санатына жатуына байланысты медициналық қызметтер (ВОСМС) төлемі сәуір айында өзінің жеке есеп шотына қайтарылды. Жіберілген қателіктерге байланысты жауапты қызметкерлерге заң аясында тәртіптік шара қолданылды.

Басқа кемшіліктер мен ескертулер жоқ.

*Ұсыныс: жұмыс барысында заң бұзушылықтарға жол бермеу.*

#### **7. Мемлекеттік сатып алулар**

2025 жылдың 24-25 қыркүйек күндері «Ой шебері» зияткерлік ойыны өткізілуіне байланысты мемлекеттік сатып алу порталында тамақтар бойынша азық түліктердің келісім шарты жасалынған болатын. Осы келісім шартта қаралған қаражаттың ішіндегі тізімде ет (*сыйр еті*) көрсетілген, бірақ порталдағы келісім шарттың ішіндегі тізімге қосылмай қалған. Жіберілген қателік бойынша мемлекеттік сатып алу менеджері келісім шартқа өзгерістер енгізіп, аталған кемшілікті жойды. Жұмысына салғырт қарағаны үшін сөгіс берілді.

*Ұсыныс: жұмыс барысында заң бұзушылықтарға жол бермеу.*

#### **8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

#### **9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

#### **Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты басқа кемшіліктер мен ескертулер жоқ.

#### **Қосымшалар**

#### **Жұмыс тобының мүшелері:**

Директордың оқу-тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

Ақсауытқызы Ақсауытқызы Ақсауытқызы  
(ФИО, қолы)

Бас есепші

Ақсауытқызы Ақсауытқызы  
(ФИО, қолы)

Материалдық есепші

Ақсауытқызы Ақсауытқызы  
(ФИО, қолы)

Кадрлар бөлімінің инспекторы Аманжолбева Түлсінәлі Нұржановна *Түлсінәлі*  
(ФИО, қолы)

Педагог-ұйымдастырушы Сарғұбаева Аружан Жатыралиқызы *С.А*  
(ФИО, қолы)

Таныстым: Аманжолбева Түлсінәлі Нұржановна  
(мем.мекеме/ұйым директоры, ФИО, қолы)